

Ленгiр қаласы мен Төлеби ауданының кейбiр ауылдық округтарының шекараларын өзгерту туралы

Бiрлескен Оңтүстiк Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 31 мамырдағы N 33/362-III шешiмi және Оңтүстiк Қазақстан облыстық әкiмиятының 2007 жылғы 11 маусымдағы N 198 қаулысы. Оңтүстiк Қазақстан облысының әдiлет департаментiнде 2007 жылғы 28 маусымда N 1957 тiркелдi

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкiмшiлiк-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты мен әкiмиятының ұсынысы негiзiнде Оңтүстiк Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШIМ ЕТТI** және Оңтүстiк Қазақстан облысының әкiмияты **ҚАУЛЫ ЕТТI** :

1. Ленгiр қаласының әкiмшiлiк шекарасына Төлеби ауданының Аққұм ауыл округiнен жалпы көлемi 258,8 гектар, Алатау ауыл округiнен жалпы көлемi 271,2 гектар, Қазығұрт ауыл округiнен жалпы көлемi 93,6 гектар, Зертас ауыл округiнен жалпы көлемi 121,5 гектар, жалпы барлығы 745,1 гектар жер бөлiгiнiң қосылуымен Ленгiр қаласының және Аққұм, Алатау, Қазығұрт, Зертас ауыл округтерiнiң шекаралары өзгертiлсiн.

2. Осы шешiм алғашқы ресми жарияланғаннан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiлсiн.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыс әкiмi

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы